

## 2023 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № 969 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2023 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов

Қостанай  
ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы "07" қарашадағы  
№ 969 қаулысына  
қосымша

## 2023 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйым атауы	Ұйымдағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімдегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	2	3	4	5
1	"Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай ауданы әкімдігінің "Затобол" жылу энергетикалық	155		1

компаниясы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны		0,65	
--	--	------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ